АРАЛ – ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

20 сәуір сенбі

№31 (2041)

2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

2-БЕТТЕ

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰРҒАҒАН ТАБАНЫ «ЖАҢА ДӘУІР МҰНАЙЫНЫҢ» КӨЗІ МЕ?

Сарапшылар «электроника дәуірінің мұнайы» деп атаған литий өндірісіне әлем көз тігіп отыр. Дүниежүзілік банктің есебіне сүйенсек, 2050 жылға қарай таза энергия көздеріне сұраныс арта түспек.

Суреттің дерекқоздан

Алдағы уақытта сирек кездесетін металдар, әсіресе, мыс, графит, литий, кобальт сынды минералдардың өндірісі 500 пайызға ұлғаюы мүмкін деп болжануда. Оның ішінде литийге деген сұраныс жоғары. Қаржы сарапшысы Асылхан Аңдашевтің «Курсив» газетіне берген пікіріне сүйенсек, 1991 жылы Sony компаниясы алғашқы литий-иондық батарея шығарғаннан бастап литий электроника саласында жоғары сұранысқа ие шикізатқа айналды. 1995 жылы әлемдік литий өндірісі 9,5 мың тоннаны құрап, оның 37 пайызын АҚШ өндірді. Қазіргі таңда әлемдік литий өндірісі 100 мың тоннадан асып жығылып, өндіру жағынан Аустралия алға шықты. Әлемдегі литий өндірісінің 90 пайызын Аустралия, Чили және Қытай өндірсе, АҚШ үлесі 1 пайыз ғана. Сарапшының айтуынша, литийге деген сұраныс соңғы онжылдықта ғана қатты өскендіктен әлемдегі қоры әлі де дұрыс зерттелмеген.

Кейінгі жылдары литий өндірісіне Қытай мемлекеті қатты қызығушылық танытуда. Сирек кездесетін қымбат металл түрін өндіруге білек сыбана кіріскен қытайлықтар өз жерінде ғана емес, Африка елдеріндегі литий кен орындарына инвестиция құюды ұлғайта түскен. Осы орайда Қытай литий өндірісіне соншалықты неге қызықты деген сұрақ туындайтыны заңдылық. Тағы да сарапшылар пікіріне сүйенсек, әлем бойынша ең ластаушы ел қатарына жататын Қытай экологиялық таза көлік өндіруді қарқынды дамытуда. Ал бұл өндіріске литий аса қажет. Сол себепті де қытайлықтар өзіндегіні ғана емес, өзге елдегі кен орнын игеруге қаржы құюда. Ақпарат көздерінде жарияланған деректерге сүйенсек, қазіргі таңда осы металдың көп бөлігі тікелей электроника саласына пайдаланылуда. Мәселен, 2010 жылы өндірілген литийдің 27 пайызы ғана электроника саласында қолданылса, қазіргі таңда 74 пайызға жеткен. Жалпы литий өндірісіне жалғыз Қытай ғана емес, әлемде экономикасы жағынан көшбасшы елдер көз тігіп, тіпті бәсекелестік пайда болған десек, артық емес. Еуропа елдерінде, оның ішінде Франция, Германия, Сербия сияқты елдерде литий өндіру жолға қойылуда. Себебі де белгілі. Соңғы жылдары әлем көміртектен бас тартып, экологиялық таза энергия тасығыштарға назар аударуда. Бұл мақсатта өзге шикізаттармен қатар литийдің орны бөлек. Жоғарыда айтып өткеніміздей әлемде электромобильдер паркі көбейіп келе жатқаны белгілі. Ал экологиялық таза көліктің қуат көзі – литий-ионды аккумулятор.

2-БЕТТЕ

Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттармен кездесу өтті.

СЕНАТ: үміткер үшеумен кездесу

Қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев төрағалық еткен жиынға облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, ардагерлері кеңесі, қалалық жастар ресурстық орталығы басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Естеріңізге сала кетсек, биыл 25 сәуірде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Қызылорда облысынан шығып қалған депутатының орнына сайлау өтеді. Заңнамаға сәйкес Сенат депутаттары жасырын дауыс беру арқылы жанама сайлау құқығы негізінде сайланады. Ол дегеніңіз, Парламент Сенатының депутатын сайлауға дауыс беруге тек сайлаушы ретінде мәслихат депутаттары қатысатынын білдіреді.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына үміткерлер Н.Байқадамов, А.Есмаханов, А.Жүнісов өздерінің сайлауалды бағдарламасымен таныстырды.

Ел аманатын арқалауға ниет білдіріп отырған үміткерлерге депутаттар тарапынан сауалдар қойылып, тұщымды жауаптар алынды.

Үміткерлердің бағдарламаларында аймақтағы басты мәселелер назарға алынған.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

СЫРБОЙЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Сын сағатта күш біріктіру – ата салтымыздан келе жатқан мызғымас қағида. Айтып келмейтін апаттан еліміздің он аймағы топан судың астында қалып, қиындыққа душар болды.

Сыр елінің халқы су тасу қаупі туындаған Атырау қаласынан келген 93 азаматқа қолдау көрсетіп, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты Зейнеткерлерге жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына 59 адамды, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің жатақханасына 34 адамды орналастырды. Атыраулық қонақтардың барлық қажеттіліктерін жергілікті әкімдік қамтамасыз етуде. Жауапты мамандардың айтуынша, атыраулық қонақтарға 3 мезгіл ыстық тамақ беріліп, дәрігерлер бақылауға алған. Қонақтардың ұсақ-түйек қажеттіліктерін жеткізіп беруді «AMANAT» партиясының облыстық филиалы қадағалауда. Жағдайды тұрақты бақылау үшін жауапты басқарма мамандары екі жаққа да арнайы барып, ахуалды назарда ұстауда.

Бұған қоса, Батыс Қазақстан облысынан өңірге 100-ден аса оқушы демалысқа келген еді. Олар Арал ауданындағы «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына орналастырылды.

– Оралдық балалар 10 күн бойы аталған орталықта білім мен тәрбие ғана алып қоймай, түрлі мәдени-сауықтыру іс-шараларына қатысуда. Оқушылардың әр сағаты алдын ала жоспарланып отыр. 5 мезгіл тамақ қарастырылған. Сонымен қатар ауданның тарихи-мәдени орындарына, киелі жерлеріне саяхат жасайды, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ҚАШАН АШЫЛАДЫ?

Бұл көпшіліктің көкейінде жүрген сұрақ.

Осы мақсатта біз алаңға барып, жұмыс барысын көрдік. Бірнеше айдан бері айналасы қоршалған алаңдаға қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда жұмыстың 70 пайызы аяқталды. Мамандар осылай дейді.

4-БЕТТЕ

Қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының кезекті отырысы өтті.

МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Алдымен халық қалаулылары, сала мамандары мен БАҚ өкілдері «Бәйтерек» тұрғын ауданында орналасқан №287 мектебіне барды. Онда оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесін зерделеп, сала мамандарына тиісті ұсыныстарын енгізді. Зерделеу барысында депутаттар тарапынан №287 мектептің шатырынан су кетуі және қосалқы жарық қондырғысы орнатылмауына байланысты мердігер мекемеге тиісті тапсырмалар берілді.

Мұнан соң комиссия жұмысы қалалық мәслихатта ата-аналар, мектеп басшыларының қатысуымен күн тәртібіндегі мәселелер кеңінен талқыланды. Отырыстың күн тәртібіне «Жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандар арасында тәрбие беру жұмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы», «Қала бойынша мектеп асханаларының жай-күйі мен оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және сапасы туралы» мәселелері қаралды.

2-БЕТТЕ

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰРҒАҒАН ТАБАНЫ «ЖАҢА ДӘУІР МҰНАЙЫНЫҢ» КӨЗІ МЕ?

Әлем көз тіккен литий өндірісіне Қазақстанның әлеуеті қандай дегенге келсек. Біздің елде Шығыс Қазақстанда литий қоры бар. Сарапшылар пікірінше, біздегі бұл сирек кездесетін металды өндіруге Оңтүстік Корея тіпті Ресей де қызығушылық танытуда. Мемлекет басшысы биылғы мемлекетінде өткен БОАО форумында сирек кездесетін шикізатты өндіру саласындағы ынтымақтастық туралы айтты.

– Сирек кездесетін металдар көптеген технология үшін аса маңызды компонентке айналды. Олар өнеркәсіп, цифрлық технологиялар, ғарыш және қорғаныс сияқты стратегиялық салаларда мүлдем қалдық болмайтын деңгейге жету үшін қажет. Біз уран, литий, титан және басқа да сирек кездесетін элементтердің ірі кен орындарын игерудің ең тиімді тәсілдерін қолдану мақсатында халықаралық серіктестермен бірлесе жұмыс істеуді жалғастыра береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Литий – жоғары технологиялық салаларда өте қажет металл, әлемде өндірілетін литийдің басым бөлігі батареялар мен аккумуляторлар өндірісінде пайдаланылады.

Алтыннан да қымбат металдың көзі Арал өңірінен де табылуы мүмкін. Жақында «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау кен компаниясы Еуропалық қайта құру және даму банкінің қаражатына Арал өңіріндегі тұзды көлдердің суында литийдің бар-жоғын анықтау үшін зерттеу жүргізбек. Бұл туралы компанияның кәспкерлікті дамыту жөніндегі бас директоры Нариман Әбсаметов мәлімдеді. Оның айтуынша, Қазақстан Оңтүстік Америка елдеріне ұқсайды, мұнда литий тұзды ерітінділерден өндіріледі. Атап айтқанда, бұл металдың қоры бойынша әлемде бірінші орында тұрған Чилиде литий осылай өндіріледі. Жоба бойынша жұмыс басталып кеткен. Арал өңірінде литийді іздеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін Еуропалық қайта құру және даму банкі 400 мың еуро грант бөлді. Жоба екі жыл ішінде жүзеге аспақ.

Орайы келгенде жергілікті ғалымдардың пікіріне құлақ астық.

Басы 1-бетте

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, «Инжинирингтік технологиялар» білім беру бағдарламасы оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі Ербол Серікбаев литий өндіруге мүмкіндік болса, оның пайдасымен қоса кері әсері бар екенін айтты.

– Әлем бойынша салыстыратын болсақ, Боливия, Аргентина елдерінде литий қоры көп. Бұл мемлекеттер де литийді Арал теңізі сияқты тартылған теңіз табанындағы сордан алады. Ал кейбір елдерде саздың ішінен алады. Литий әлемде жоғары сұранысқа ие. Оның бағасы алтын, платинадан да қымбат. Бұл сирек кездесетін металға жатады. Бірақ экологияға зияны көп. Оны өндіру барысында ауаға ауыр металдар бөлінеді. Дегенмен әлемдік тәжірибелерді қарайтын болсақ, экологияны ластайды деген қарсылықтарға қарамастан жаңа технологияны пайдалану арқылы еш зиян келмейтінін дәлелдеген. Арал сорларынан литий өндіру – әлі болжам. Әзірге зерттеуге қаржы бөліп жатыр. Дегенмен литий өндірудің қоршаған ортаға зияны бар, – дейді ғалым.

Қалай айтқанда да, әлем елдері келешекте мүлдем қалдық қалдырмайтын деңгейге жету үшін де осы алтыннан да бағалы металға көз тігіп отыр. Ал Арал теңізінің сорынан литий өндіру – уақыт еншісінде.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Қалаға қарасты Баймұрат батыр ауылында 25 орынға лайықталған дәрігерлік амбулатория ашылды. Емдеу мекемесінің ашылуын елді мекен тұрғындары көптен күткен еді. Ауыл халқын мерейлі сәтімен құттықтауға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындардың қуанышымен ортақтасып, ізгі лебізін білдірді.

БАТЫР АУЫЛЫНДА АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөліп, халыққа арнаған Жолдауында «Ұлт саулығы жақсы болса ғана қоғам орнықты дамиды» деген еді. Өздеріңіз білесіздер, көпбейінді облыстық аурухана базасындағы магниттірезонанстық томография, яғни МРТ аппараты бұзылып, 2016 жылдан бері осы құрал-жабдық болмады. Біз бұл мәселенің шешімін табу үшін бюджеттен қаржы бөліп, биыл 646 млн теңгеге аталған аппаратты алдық. Облыстық перинаталдық орталықтың жүктемесін азайту, жас аналардың медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру үшін 1 млрд теңгеге 70 орындық перинаталдық бөлім жасақталды. Бұл – халық денсаулығын жақсарту бағытындағы жұмыстардың бір бөлігі ғана, – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтары марапатқа ие болып, құрмет төрінен көрінді.

Айта кетейік, амбулатория құрылысын «Бақ-Береке – 2030» ЖШС салған. Құрылыс өткен жылдың шілде айында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде басталған. Емдеу орнында 9 қызметкер бар. Оның 1-еуі дәрігер, 5-еуі орта буын және 1-еуі кіші буын медициналық қызметкер және 2 техникалық қызметкер бар.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

АРАЛ – ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

Сурет ашық дереккөзден

Биылдан бастап Аралды құтқару халықаралық қорына төрағалық ету кезегі Қазақстанға өтті. Алдағы үш жылда бұл ұйымды Қазақстан басқарады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылдың соңына дейін аталған қор Президенті болып сайланды.

Бес мемлекетке, атап айтқанда, Қазақстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан елдеріне ортақ халықаралық Аралды құтқару қоры Арал теңізін құтқаруға, өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға, қоршаған ортаны қалпына келтіру, әлеуметтік мәселелерді шешуді мақсат еткен экологолиялық, ғылыми-тәжірибелік бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асырады. Осы орайда Қазақстан төрағалық еткен жылдары қандай жобалар жүзеге асады деген сұрақ туатыны заңдылық. Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Орталық Азия мемлекеттерімен, халықаралық ұйымдармен, қаржы институттарымен ынтымақтастықты арттыру жоспарланып отырғанын айтты.

– Биыл біз Дүниежүзілік банкпен бірге жүзеге асып жатқан Солтүстік Аралды сақтау жобасының екінші кезеңін бастауды жоспарлап отырмыз. Арал теңізін құтқару – бұл Аралды құтқару халықаралық қорына қатысушы барлық елдің бірлескен күш-жігерімен ғана орындалатын міндет. Алдағы үш жылда біз осы бағытта маңызды нәтижеге қол жеткізуге ниеттіміз, – деді министр.

Қазақстан аталған ұйымға төрағалық ету кезінде су-энергетикалық консорциум құруға ниетті. Мұндағы мақсат – біртұтас энергетикалық жүйе мен мемлекетаралық су комиссиясына ынтамақтасу. Сарапшылардың пікірінше, бұл қадам Орталық Азия өңірінің энергетика және су көздеріне қатысты ортақ мәселелерді жылдам әрі тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Арал тағдыры – әлем назарында. Жуырда Сыр өңіріне арнайы келген АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Дэниел Розенблюм және USAID Халықаралық даму агенттігі өңірлік миссия директорының орынбасары Моник Моссольф іссапар аясында теңіздің құрғаған табанына барып, мұнан соң аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қабылдауында болды.

Басқосуда аймақ басшысы Қазақстан мен АҚШ арасында 30 жылдан бері ашық әрі сенімді өзара қарым-қатынас жақсы дамығанын атап өтті.

– Бүгінгі күні Қазақстан мен АҚШ арасында екіжақты қарым-қатынастың барлық бағыттары бойынша кеңейтілген стратегиялық серіктестік орнаған. Жоғары деңгейдегі тұрақты ресми кездесулер, өзара сауда-экономикалық қатынастың қарқынды дамуы айқын дәлелі деп білеміз. Өткен жылдың қорытындысына қарағанда Қызылорда облысы мен АҚШ арасындағы тауар айналымы 10,1 млн АҚШ долларын құрап, алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,7 есе өскен. Әлемдік қауымдастық Арал теңізінің тартылуын адамзат тарихындағы экологиялық дағдарыстың бірі ретінде бағалады. Құрғаған теңіздің зардабы тек өңірге немесе бір елге ғана емес, барша әлемге тиюде. Осы іссапарда Аралдың қазіргі жағдайымен және атқарылған жұмыстармен арнайы танысқандарыңыз, Аралды құтқару ісіне қосқан елеулі үлестеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз, – деді облыс әкімі.

USAID Халықаралық даму агенттігінің «Оазис» жобасы шеңберінде 2021-2023 жылдары Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы экожүйені қалпына келтіру мақсатында 150 гектар жерге сексеуіл тұқымы себіліп, көшет отырғызылды, 500 метр тереңдікте су ұңғымасы қазылып, пайдалануға берілді.

Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы 2021-2025 жылдар аралығында Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы 1,1 млн гектарға сексеуіл екпелерін егуді тапсырған болатын. Биыл 276,2 мың гектар аумақта осы бағыттағы жұмыстар жоспарланған. Бүгінде 65 мың гектар ұлтанға 19,4 млн сексеуіл көшеті отырғызылса, алдағы жылы 280 мың гектар алқапқа егілмек.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫ ТАЛАПҚА САЙ МА?

БАЛА ТӘРБИЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Комиссия отырысы барысында №3 ІТ мектеп-лицейі ата-аналар комитетінің төрайымы, көпбалалы отбасы Айкүміс Қосанова бала тәрбесін тілге тиек етті.

– Расында, қазіргі таңдауы да, талғамы да бөлек жастарға қандай тәрбие беру ұтымды болмақ? Осы мәселенің жауабын қоғам болып көтеріп отырумыз қажет. Жиында ата-аналардың атынан қатысып отырғанына қуаныштымын. Мектеп партасында отырған баланың жан-жақты тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеушісі – ата-ана. Сондықтан ата-ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасауы тиіс, оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, қадағалап отыру керек. Өкінішке қарай, кейбір ата-аналар бұған жеткілікті мән бермейді.

Бала мектепте 6,7 сағат болса, 18 сағат үйде болады. Сол себепті ата-ана баласының оқуын, жүріс-тұрысын, жолдастарын сонымен қатар киетін киімін де қадағалап, аптаның соңғы күндері сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен байланыс жасап, сабақ үлгерімі, тәртібі жайлы мәлімет алып отыруы қажет деп ойлаймын. Өзім секілді ата-аналарды бала тәрбиесін ақсатып алмауға шақырамын, – дейді А.Қосанова.

Сонымен қатар облыстық «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығының әдіскері Мағжан Қанатұлы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыстарын күшейту, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қызмет бағыттарын құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі менеджер лауазымын енгізу іс тәжірибесін ұсыну, білім алушылардың сабақтан тыс бос уақытын өткізуде педагог қызметкерлердің жауапкершілігінен босату, ата-ана жауапкершілігін күшейту туралы ұсыныстарын жеткізді.

АСХАНАДАҒЫ КЕМШІН ТҰСТАР АЙТЫЛДЫ

Оқушыларды сапалы тамақтандыру мәселесіне байланысты сөз алған облыстық бала құқықтары жөніндегі уәкілі Жапырақ Ұзақбаева аймақ басшысының қолдауымен біздің өңір 100 пайыз ыстық тамақпен қамтылып отырған еліміздегі бірден-бір облыс екендігін атап өтті. Жапырақ Бегімбайқызы қаланың 18 мектебінде жүргізілген зерделеу жұмыстарының қорытындысы бойынша орын алған кемшіліктерді тізбектей келе, кәсіпкерлердің жауапкершілігін арттыру, ыстық тамақты ұйымдастыру, нормативтік құжаттарды түсіндіру бойынша білім беру ұйымдарының басшыларына оқыту семинар өткізу, қалалық сараптама топтың жұмысын күшейту барысында ұсыныстарын айтты.

Оған қоса, қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлмира Сыздықова 45 мектепте жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді көрсетті.

– Кей мектептің асханасында уақытша сақтау тоңазытқыш жабдығында тамақ өнімдерін шикі және дайын тағамдардың тауар орналасу заңдылығы сақталмаған, мұздатқыш уақытылы тазартылып жуылмаған. Сондай-ақ асханада күн сайын жұмыс аяқталғаннан кейін ағаш діңгектер етті, балықты кесу үшін пайдаланған жағдайда пышақпен тазаланып, ас тұзы себілмеген, асхана аспаптары арнайы кассеталарда тұтқаларын жоғары қаратып қойылмаған, тамақ өнімдері сөреде сақталмай, жұмыртқа таза таңбаланған ыдыстарға салынбаған, осы сияқты мәселелер өте көп, – деген басқарма басшысы әрбір мектеп асхана қызметкерлеріне тағамнан уланудың алдын алу, жеке бас гигиенасын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілгендігін атап өтті.

Қорытындылай келе қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев комиссия отырысы барысында мектеп басшыларына көтерілген кемшіліктерді қалпына келтіру, әрбір мәселеден сабақ алу қажеттігі туралы ескертті.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттер ашық дереккөзден

ҮЛКЕНІН ТЫҢДАЙТЫН АУЫЛ

Облыс орталығынан таяқ тастам жердегі Қызылжарма – бірсарынды тіршіліктен алыстау жатқан ауыл. Қаланың іргесінде тұрса да малын өріске айдап, түтінін түзу ұшырып, қатығы мен айранын, құрты мен ірімшігін дастарханынан үзбеген ел. Иә, сіз оны айтасыз, үлкенді үлгі етуді ұмытқандар көбейген қоғамдағы бұл ауылдың ерекшелігі – ақсақалдың сөзіне тоқтап, тұтас ауыл бір басшыға бағынатынында. Тіпті елге келген әрбір әкім де, ардагерлер кеңесі мен қоғамдық кеңесі де ауылдың бейресми басшысының сөзі мен ұсынысын қаперге алатын көрінеді. Бірлігі бекем елдің бағындырар биігі де, алар асуы да биік болмақ. Бұл – әлімсақтан қалыптасқан ұстаным. Ал қызылжармалықтардың қызыл сөзге емес, тындырымды тірлікке жақын екенін көріп, іштей тамсанып қайттық. Бәлкім, жаһандану заманында қазақылықтың осындай бір ғажап көрінісі жүректі елжіретіп, жанды тебіренткенінен болар...

АУЫЛДЫҢ БЕЙРЕСМИ БАСШЫСЫ

Біз келіскен уақыттан сәл кешіктік. Өйткені ауылдың кіреберісінен бастап, обьективке әжептәуір дүниені іліктіріп үлгерген бесаспап мамандар Нұрболат Нұржаубай мен Нәзира Мұқатаева көңілге серпін берер көріністерді нысанаға алды. Тіпті әкімдік қызметкерлеріне де айтпастан алақандай ауылды бір айналып шығып, не бар, не жоқ деп бір ойланып алдық. Ал бұл уақытта тықылдап соққан сағаттың секунд тіліне қарап, бізді тосып отырған ауыл ақсақалы Сәруарбек Қазбекұлы елді мекеннің тыныс-тіршілігі туралы баяндаудағы ауылдың жүгін мойнына арқалап отырған еді...

– Бұл кісі – осы елдің басшысы, – деп сөз бастады қоғамдық кеңестің төрайымы Сәрсенкүл Смайлова. Белсенділігі мен іскерлігін әрбір ойын нық, әрі ұғынықты жеткізіп отырғанынан аңғару қиын емес-ті. – Ертеректе ағайдың әкесіне барып, ауылдағы даулы мәселелерді шешетін болған. Осы елдің биі болды. Енді сол жолды өзіне аманат еткен Сәруарбек ағай осы елдің әкесіндей болып, жанашырлығын көрсетіп, қисығын түзетуге атсалысып келеді.

«Жақсы сөз жан семіртеді» дейміз ғой. Бірақ мақтау сөзге масаймайтын болмысын байқатқан Сәруарбек Сөкенов тоқтат дегендей ишарамен «Менен не сұрайсыздар?» деп, шаруаға төтесінен түсті. Ауыл тыңдайтын ақсақалдан не сұрайсыз? Әрине, сұрақ көп, бірақ қайсысынан бастау керек дегенді бір сәт ойланып тұрып, отбасы жайынан бастап едік, ол кісі біздің алыстан байқағанымызды демде аңғарды. Иә, елі тыңдайтын ақсақалдың отбасы үлгілі болу керек қой. Сәруарбек ағай дереу «Апаларың дайын, кеттік үйге» деді де, көне «аудиге» қамшы басып, жүріп кеттік. Ақын Абайдың көшесін бетке алып, тура үйіне келіп тоқтаған Сәруарбек ағай:

– Балам, ауладағы көне қораны бұзып тастап, құрылыс материалы үй жақта қоқысқа айналып тұр еді. Ұят болмас па екен? – деді сәл жымиып.

Қарап жатпай, тірлікпен айналысатын тынымсыздығын тағы бір танып қалдық. Тәрбиенің төресі – еңбек. Ұрпағына осындай бағыт беріп отырғанын оның әрекетінен осы бір жолы айқын көз жеткіздік. Есікті ашты да ар жақтағы апайды байқап қалған ақсақал:

– Кемпір, дайындал. Сұхбат бересің. Тілшілер келді, – деп кесіп айтты.

Бір-бірін сыйлап, тыңдап, түсінісе кететін екеудің табиғатын осы кезде байқадық. Бір-бірін қолтықтаған күйі диванға жайғасып жатып:

– Біздің ауылда «индийский махаббат» деп айтады, – деп күлді Алмаш апай.

Ескірмеген махаббат пен ес кірмеген махаббаттың айтылуы бір болғанымен, мағынасы әр қилы. Бұл кісілердікі әрине, суымаған сезім, өшпес махаббат алауы. Әйтпегенде, «халық айтса, қалып айтпайдыны» қайда қоясыз?! Ел де үндінің махаббатына тегіннен тегін баламаса керек.

– Әкем қаталдау кісі еді. Қазақта «Әке көрген оқ жонар» деген бар. Біз ол кісіге қарап бой түзедік. Ес жиып, етек-жеңді жиған сәтте де әкемдей болғым келді. Лайықты мұрагер болғаным шығар, ел сыйлайды. Ақыл-кеңес сұрайды. Елдік мәселеде, ұлттық мүдде тұрғысында үнсіз қалмаймын. Ауылдың аяқсу, жол мәселелерінде де үн қосамыз. Барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара жүріп, әрекет еткеннің арқасында 30 шақты көше қалыпқа келіп, жөнделді. Биыл да осындай іргелі істер жалғасын таба түседі. Жасалып жатқан жұмыстар өз деңгейінде болмаса, ескерту айтып, жөнді атқарылуын қадағалаймыз. Мұның барлығы елдің мүддесі үшін. Әрине, алдымен отбасында лайықты отағасы болуың керек, содан кейін соған қарап, елге басшы бола аласың, – дейді ақсақал.

Бүгінде өмірге әкеліп, жеткізіп аяқтандырған үш ұл, үш қыздан оннан астам немере сүйіп, бір шөберенің қолынан су ішіп отырған асқар тау ата мен мейірбан әженің шаңырақ құрғандарына биыл – 54 жыл. Осы жылдар ішінде бір-бірін айтпай түсініп, сыйлап, құрмет төріне көтере білді.

– Өмірлік тәжірибемнен айтайын. Ата-енемен бірге тұрған дұрыс. Үлкендер бізді тәрбиеледі, жолға салды. Олармен бірге тұрып, бір-бірімізге қатты сөйлеген де емеспіз. Сыйласа білдік, тыңдай білдік. Екеуміз де қызметте болдық. Соған қарамастан отбасындағы тірлігіміз ақсаған жоқ. Ер азаматтың жұмысы түзде, оған қай кезде де қолдау білдіру керек. Өмірде барлық нәрсе тәрбиемен тығыз байланысты. Сол тәрбиенің жемісі осы болар. Ел сыйлайтын, жастар үлгі алатын отбасы болдық, – дейді Алмаш апай азаматына арқа сүйеп.

Өмір – үлкен мектеп. Сол мектептің үздік шәкірттеріне айналған қос кемеңгер бүгінде көрген-білгені мен көңілге түйгенін кейінгі ұрпақтың санасына сіңіріп келеді. Ауыл тыңдайтын ақсақал осылай елдің бейресми басшысы екенін көрсетіп жүр. Осыдан бірер жыл бұрын ауылдық ардагерлер кеңесіндегі төрағалығын денсаулығына байланысты тоқтатқанмен белсенділігін азайтқан жоқ. Міне, елім дейтін ұрпақты тәрбиелейтін тұлғалар осындай болар...

Қазақта «Қарты бар ел – қазыналы» деген керемет сөз бар. Осы жерде бір керемет мысалдың орайы кеп тұрған сыңайлы. Ертеде бір патша халқын жинап алып, 60-тан асқан адамдардың дене еңбегін пайдалана алмайтынын, олардың тек масыл екенін айтып, барлығын жинап алып өлтіруді бұйырыпты. Кім әке-шешесін өз қолымен ажалға қисын?! Амалсыз патшаның әмірін орындау үшін кірісіп кетіпті. Осылай өмір жалғаса береді. Күндердің күнінде патша серуен құрып табиғат аясына шыққанда өзен жағасында тұрып, су түбіндегі гауһартасты көреді. Патша асыл тастың кереметіне қызығып, жігіттерге «кімде-кім су түбіндегі гауһартасты алып берсе, оның кез келген тілегін орындайтынын жеткізеді. Бірақ жігіттер қанша талпынса да әлгі асыл тасты ала алмайды.

Халықтың арасында әкесін көзден таса тығып, асырап жүрген бір жігіт бар екен. Сол үйіне келіп, жағдайды баяндайды. Сонда өмір көрген қария «Балам, өзен жағасында өсіп тұрған ағаш бар. Әлгі гауһартас сол талдағы құстың ұясында тұр» деген екен. Баласы ертеңіне барып, асыл тасты патшаға алып береді. Ал патша өзінің уәдесінде тұратынын айтып, қандай тілегі бар екенін сұрайды. Жігіт ойланып тұрып:

– Бұл – менің емес, әкемнің тапқырлығы еді... Менің сізден тілер тілегім, қариялардың дене еңбегін емес, ой еңбегін пайдалансақ. Олардың ақылымен біз әлі талай тығырықтан шығамыз. Олар өмір көрген, сол өмірден мол тәжірибе жинаған. Менің жалғыз ғана тілегім осы, – дейді.

Патша өз уәдесінде тұрып, райынан қайтып, бұйрығының күшін жойған деседі.

Қызылжармадағы тындырымды тірлікті көріп тұрып, біз қарттардың қазынасы туралы осы мысал әңгімені еске түсірдік. Өйткені үлкенін ардақтап, олардың ақылын тыңдап, пікірімен санаса отырып, ауылды гүлдендіріп отырған азаматтардың әрекетінің нәтижесін көзбен көрдік. Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Молдашбек Ордабаев та – осы сөзіміздің айқын дәлелі.

– Біздің ауыл – қартын қадірлеген, алыбын ардақтаған, қазақы қалыбынан адаспаған ауыл. Ардагерлер кеңесінің 15 мүшесі бар. Барлығы белсенді. Өткен жылы осы елге еңбегі сіңген 32 кемеңгердің атына көше берілді. Бұл жетістіктің әрбіріне әкімдік пен қоғамдық кеңес, ардагерлер кеңесі бірлесе жүріп, атсалысып жатырмыз. Одан бөлек, ауылдың тазалығы, аяқсу мәселесі – бәрі назарымызда. Бұрынғы ескі арықтың ізін жандандырып, қайтадан жолға қойдық. Аяқсу келсе айнала гүлденеді, есіктің алды көгереді, көшедегі ағаштар да жайқала өседі. Ал былтыр осы елдегі азаматтардың бірлігінің арқасында, әкімнің іскерлігінің нәтижесінде 35 көшеге қиыршық тас төселсе, 23 көше асфальттанды. Мұнан бөлек, 27 көше жарықтандырылып, 1,5 шақырымға тротуар салынды. Ал биыл 5 көшеге ақша бөлінді, 3-еуі асфальттанды. Қалғанына жұмыс жүруде. Елде осындай жұмыс қолға алынып жатқанда ауыл әкімдігі бізге айтып, барлығымыз бірлесіп, жұмыстың жай-жапсарымен танысамыз. Жол салынса, қалыңдығы мен ені қанша болу керек, ол талапқа сай болып жатыр ма дегенді зерттеп, бақылау жасаймыз. Мәселен, өткен жылы Абай көшесін асфальттап еді, биыл олқылықтарын ескерткен соң қайта келіп, жөндеп жатыр. Біз бұл өздеріне шығын екенін айтып, жанашырлық танытып, жауапкершілікпен істеңдер деп ақыл айтамыз. Өмірде пайда табудан да бөлек, адамдық пен адалдық деген үлкен ұғым бар. Ол екеуі құстың қос қанаты секілді егіз. Әрбір адамның бойында болса екен дейміз. Қазір ауыл халқының жағдайы көңіл қуантады, – дейді Молдашбек Молдағалиұлы.

«Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы кісі орнынан тұрып сәлем береді» дегендей, ақсақалдардың құрметі мен қошеметін, елге келген әрбір мейманға деген ықыласын да көрдік. Қазақылығынан ажырамаған ауылдың қазыналы қарттарынан өмірлік тәжірибе мен тәлім алып қайттық десек те жарасар...

ӘЛЕМДІ ӘНІМЕН ӘЛДИЛЕГЕН ӘЖЕЛЕР

Қызылжарма десе, көп адамның ойына осындағы «Қуаныш» әжелер ансамблі түседі. Қала, облыс тұрмақ, сонау республикада аймақтың абыройын асқақтатып жүрген осы ұжым алақандай ауылдағы мәдениет үйінде орналасқан. Мәдениет үйі демекші, бұл салада облыстың маңдайалды ансамблінен бөлек, «Қожабековтер» халықтық-отбасылық үлгілі ансамблі, «Ошаған» әзіл-сықақ отауы тұрақты жұмыс істеп, халыққа өнерін арнап жүр. Мәдениет үйінде 13 үйірме тұрақты жұмыс істейді. Мекеме жанынан құрылған еріктілер тобы елдегі көмекке мұқтаж жандардың қолтығынан демеуді де ұмытпайды. Міне, осындай берекелі елдің әрбір күні де мерекелі болуда.

– Жақында «Қуаныш» әжелер ансамблі «Бізге – 10 жыл» деген атпен Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде үлкен концерт өткізді. Бұған дейін де ауыл-аймақты аралап жүрдік қой, осы концерттен кейін Тасбөгет халқы да ұсыныс айтып, өздеріне шақырып жатыр. Енді ауыл-ауылды аралап, өнер көрсетуді де жоспарлап қойдық. Біздің ауыл өнерді ерекше бағалайды. «Ошағанның», «Қожабековтер» ансамблінің және «Қуаныш» әжелер ансамблінің қай-қайсысын жарнамасын ілген бойда халық келе бастайды. Ұлт барда ұлттың өнері жасай береді. Біз қазір қайсыбір өнер ұжымына болса да, қолдау көрсетеміз. Ауыл әкімдігі мен мәдениет үйі олардың қажеттіліктерін толық өтеуге тырысудамыз. Өйткені өнерді қолдау қазақылығы сақталған мекенде толастамақ емес, – дейді Қызылжарма ауылдық мәдениет үйінің директоры Рүстембек Айтжанбекұлы мақтанышпен.

Біз «Қуаныш» әжелер ансамблі туралы бұған дейін де сан мәрте жаздық. Әрбір жазған сайын тың дерекке, жаңа жетістікке куә боламыз. Ансамбль жетекшісі Қуаныш Ахметқызы бізге бұл жолы да жақсы жаңалығын айтты, шаттығының еселеніп, мерейінің үстем екенін білдірген оның жүзі бал-бұл жайнап тұр.

– «Бізге – 10 жыл» деген атпен кеше ғана халықтың алдында есеп беру концертімізді өткіздік. Былай қарасаңыз, көп уақыт емес тәрізді, ал сол жылдарды біз жеткен жетістікпен есептесек, атан түйеге жүк болардай жетістігіміз бар. Алдағы уақытқа елді аралап, концерт беру жоспарда тұр. Әжелер қызу дайындық үстінде.

Он жылдан бері сахна төрінде өнер көрсетіп келеміз. Ән шырқап қана қоймай, қазақтың ұмыт болған салт-дәстүрін қайта жаңғыртудамыз. Бойында таланты бар әжелерімізді халық алдына шығарып, ұлттық өнерді дәріптеуді мақсат еттік. Ансамбльді құрарда артыма із қалдырғым келді. Көненің көзі, асылдың сынығы әжелерден топ құруды қолға алдым. Ауыл әкімінің орынбасары Сәрсен Смайлованың ықпалымен ансамбль құрдым. Талайы аяқ тартып, атымыздан ат үркитін дәрежеге жеттік, – дейді ансамбльдің жетекшісі.

Халықтың өзі мойындап, елдің өзі сыйлаған абыройдан артық не бар? Сонау 2014 жылы алғашқы қадамын бастаған ансамблдің атын қоярда әжелер көп ойланбастан «Қуаныш» деп қойыпты. Өйткені ел арасында өнерімен танылып, қазақ ән өнерінің көгінде қанат қағып жүрген Қуаныш апайдың бұл ансамблге сіңірер еңбегінің ерен екенін сол кезден-ақ топшыласа керек-ті. Бүгінде ансамбль құрамындағы 14 мүшесі қоғамның әр саласында қызметте, тағы бірі зейнетте. Бірақ өнер десе, өмірлік қуатын жиып, білек сыбана іске кіріседі. Өнер жымының әрбір мүшесінің өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, Бидаш Ермағамбетова – домбыраның құлағында ойнаған жан. Биыл 70 жастың желкенін керген ақ жаулықты әже. Ал Бибіхадиша Рахымжанова – қазақтың бұлбұл әншісі Мәдина Ералиеваның дауысын айнытпай салып, ел ішінде «Тірілген дауыс» атанған жан. Ұлбике Еділованың өнерден бөлек, иман жолында қажылығы да бар. Оның сіңлісі Гүлзада Еділова – жезтаңдай әнші. Раушан Тәшенова анадан бойына дарыған сыныққылығымен де танымал. Сіңлісі Гүлжан Тәшенова – тауып айтқан тапқырлығымен ойынан өлең құрап, республикалық жазба ақындар мүшайрасында сан мәрте жеңімпаз атанған талантты жан. Күміскүл Сәтбаева – музыкант, балабақшада әннен сабақ береді. Ал Гүлжан Иманғалиева – он саусағынан өнер тамған тігінші, жанды дауыста ән айтудың шебері. Сәнтай Нұрмаханова мен Сәуле Тайбекова – батағой, бір басынан асып тұрған ісмерлігі де бар. Кәмилә Жолаева – көмейіне бұлбұл ұялаған, ерекше дауыс иесі. Света Бикешова мен Ақманат Бекетова – музыкалық аспаптың сүйемелдеуінсіз ән шырқайтын дарын иелері. Міне, осындай бойына өнер қонып, дарынымен көзге түскен талантты жандар ансамбль құрамында халыққа қызмет етіп келеді.

Біздің ансамбльдің орындауындағы «Қызылжарма – ауылым» әні біздің әнұранымызға айналған. Әжелеріміз өнегелі ене, ардақты әже атанып, бір-бір шаңырақтың ұйытқысы, ақыл айтар ақ жаулықты анасы атанып отыр. Жастары жетпіске таяса да, белсенділігіне тәнтіміз. Ұлттық өнерімізді өрбітіп, төрімізге шығарып келеді. Әрқайсысымен мақтанамын, – деді ансамбль жетекшісі.

Халқы қолдап, елі өнеріне тәнті болған осындай ұжымы бар Қызылжарма қай кезде де бірлік пен татулықтың, бақыт пен берекенің мекені екенін тағы бір дәлелдеп тұрғандай.

КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАЙДЫ

– Менің ең басты кеңесшілерім – ауыл ақсақалдары» деп бастады сөзін ауыл әкімі Шәріп Әбдірахманов. Ауылда қандай да бір жоба, қандай да бір құрылыс, қандай да бір жұмыс бастарда алдымен ауылдағы қоғамдық кеңес ардагерлермен бірге талқыдан өткізіп, ұсыныстар айтылып, әбден пісіргенде барып, іске асырамыз. Өйткені ауыл ақсақалдары – елдің бұрынғысы мен бүгінгісін көрген көне-көздер. Осылай барлық мәселені бірлікпен шешкенде ғана тірлік өнеді.

Бүгінде ауылда атқарылып жатқан ауқымды тірліктер жетерлік. Шәріп Әкбарұлы ұлттық құндылығы мен салт-дәстүрді берік ұстанған елдің төрінде жұмыссыздық деңгейі де төмен екенін жеткізді. Қолынан іс келгендер кәсіп ашып, екі қолға бір күрек тауып жүр. Елде 500-ге жуық кәсіпкер бар.

– Елді мекенде құрылыс жұмысы да қыза түскен. Олардың ішінде ең бастысы, Қызылжарма ауылдық округінде «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында жоба құны 5 млрд теңгеге жуық қаржыға 600 орындық мектеп құрылысын салу жұмыстары жүргізілуде. Аталған білім ошағы биыл 1 қыркүйекке дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда, – дейді ауыл әкімі.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Ауылдан шығып барамыз. Бастысы, ақсақалдың бір ауыз сөзіне тоқтап, ұлт болып ұйысқан елді көрдік. Үлкенінен үлгі алып, қартын қадірлеген елдің қай кезде де мерейі үстем екеніне тағы бір көз жеткіздік...

Дәулет ҚЫРДАН

Суретке түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ТҮЗУ КӨШЕ – ҚАЛА КӨРКІ

Бүгінде қаланың қай көшесімен жүрсеңіз де, жөндеу жұмысы жүргізіп жатқанын көресіз.

Биыл қалада 92 жоба жүзеге аспақ. Сол жобаның бірі – жол-көлік инфрақұрылымын дамыту. Осы бағытта бюджеттің барлық көздерінен 6 млрд теңге қаралды. Осыған орай биыл біраз ауқымды жұмыс қолға алынбақ. Қала аумағында жөндеуден өтетін көшелер мен мердігер мекемелер анықталып, қаралған қаржысы бөлінді. Тіпті қызу жұмыс басталып та кетті.

– Қала көшелерінің сәулеті бірыңғай үлгісі жолға қойылып, ондағы әлеуметтік нысандар мен ғимараттардың сыртқы қасбеті, оның түсі, көше бойындағы жарықшамдар, қыртастар пішіні және тағы басқа архитектуралық формалар бір стильде болады, – деді қала басшысы. Шаһар басшысы айтқандай, көшелердің сапасына да, сәніне де мән беріледі.

ЯССАУИ ЖӘНЕ КӨШЕРБАЕВ КӨШЕЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗУ ЖҰМЫС

Биыл қалада жалпы ұзындығы 46,234 шақырымды құрайтын 35 көшеге орташа жол жөндеу жұмысы жүргізілуде. Қазіргі таңда аталған 35 көшенің ішінде С.Мұқанов көшесіне орташа жол жөндеу жүргізіліп, пайдалануға берілсе, Қазақстан көшесі де жөндеуден өтуде.

Сонымен қатар облыс әкімінің қолдауымен қалада ауқымды жұмыстар басталды. Соның бірі – Қожа Ахмет Яссауи көшесін қайта жаңғыртуға арналады. Дәл қазіргі кезде маман сөзімен айтқандай, көшенің ескі асфальты алынып, топырағын көтеру жұмысы жүргізілуде.

– Осы аптаның соңына дейін топырағын көтеру жұмысы аяқталуы тиіс. Содан кейін тас төселеді. Ал айдың соңында асфальт төсеуге дайындық басталады. Жалпы ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолақты болып кеңейеді. Жаяу жүргіншілер жолы жасалып, толығымен жарықтандырылады. Оған қоса көшенің екі жағында аяқсуға арналған суағар орнатылады, – дейді учаске бастығы Марат Серкешбаев.

Аталған жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын «Қыран» ЖШС жүргізуде. Жоспар бойынша қайта жаңғырту жұмысы күзге дейін аяқталады. Айта кету керек, қайта жаңғыртудан өтетін көшенің бойы қосымша абаттандырылады.

Мұнан бөлек, көшені абаттандыру жұмыстарына 725 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме «BSG Инжиниринг» ЖШС жұмысты жуық арада бастап, қараша айында аяқтамақ. Жоба бойынша теміржолдың екі бетіне тұрғындардың серуендеуіне ыңғайлы аллеялар, жаяу жүргіншілер жолы салынады.

Сондай-ақ қаладағы Елеу Көшербаев атындағы көше де жөндеуден өтуде. Оның Бейбарыс Сұлтан көшесінен Әлихан Бөкейхан көшесіне дейінгі 2 шақырымы жөнделеді.

– Құны 434 миллион теңге болатын құрылыс аясында көше жөнделіп қана қоймайды. Жоба бойынша жаяу жүргіншілер жолын салу, аяқсу арығын қазу және жарық шамдарын орнату қарастырылған. Мердігер мекеме – «УАД» ЖШС, – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаев.

Сонымен қатар «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылының бойындағы «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автожол көпірі құрылысына республикалық және облыстық бюджеттерден қаржы бөлінген. Алдағы уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары басталады. Бұдан бөлек, Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейін жол құрылысы, Қожа Ахмет Яссауи көшесін қайта жаңғырту жүргізілуде.

Ал учаске бастығы Самат Қарымсақовтың айтуынша, Көшербаев көшесі 4 жолаққа кеңейтілуде.

– Жолдың ені 14 метр болады. Мұның алдында 7 метр болған. Қазіргі таңда көшеге асфальт төселуде. Жоба аясында лотоктар ауыстырылады. Жарық шамдары жаңаланып, жаяу жүргіншілер жолы түседі, – дейді учаске бастығы. Бұл көше сәуір айының соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Қаланы аралау барысында біраз жылдан бері қала, облыс, республикалық жолды жөндеу жұмысына атсалысып келе жатқан маманмен де әңгімелескенді жөн көрдік.

– «УАД» ЖШС-де жұмыс істеп келе жатқаныма 20 жыл болды. Көбіне асфальт төсеу барысында арнайы техниканы жүргіземін. Жұмысымыз жауапты болғандықтан тиянақты істеп, уақтылы тапсыруға тырысамыз. Өзіме жолды жөндеу жұмысы ауыр болса да ұнайды, – дейді оператор Мейрамбай Рақымшаев.

ЖАҢА КӨШЕ САЛЫНЫП ЖАТЫР

Бұл қос даңғылды байланыстыратын көше болмақ. Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейінгі аралыққа жол салынуда. Ол көше Сыр самалы деп аталады. Жақында қала әкімі аралау барысында осы көшенің жұмыс барысымен танысқан болатын.

– Қазір қалада 35 көшеге орташа жөндеу, 15 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар арасында төрт жолақты етіп, қайта жөндеуден өтетін көшелер де бар. Оған қоса бір көше жаңадан салынуда. Ал Сыр самалы көшесі салынып біткен соң оның айналасын да реттеу жұмысы жүргізіледі. Себебі көше жиегі күл-қоқысқа толы және қамыс басқан. Жарық бағаналары да назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ каналға жақын болғандықтан мал қора салып, мал өсіріп отырғандар да бар. Бірақ алдағы уақытта заңға сәйкес оның бәрі алынады, – дейді қала басшысы.

Расында, жұмыс қарқынды жүруде. Бұл жайлы Сыр самалы көшесіне жауапты учаске шебері Берік Мырзабасов та мәлімдеді.

– Негізі бұл көшенің ұзындығы 2 километр, 164 метрді құрайды. Көше екі жолақты болады. Жарықтандыру мен жаяу жүргіншілер жолы қатар жүргізіледі. Сонымен қатар Сыр самалы сарқырамасына 54 метрлік жаңа су құбырын жаңғырту жұмысы да қолға алынды. Дәл осы кезде көшені жөндеуге 30 шақты адам жұмылдырылып, 10 техника жұмыс істеп тұр, – дейді учаске шебері.

Мердігер мекеме «Қыран» ЖШС жобаны қыркүйек айында аяқтауды жоспарлауда. Бұл жобаның мақсаты – қала орталығында көлік кептелістерін азайтып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ

Қаладағы бірнеше көшелерді аралап, жұмыс барысын көріп, мамандарымен сөйлесіп, тұрғындармен де тілдестік. Соның бірі – қала тұрғыны Ахмет Серікұлы.

– Шыны керек, қалада тұрғын үй, көше жөндеу болсын, қарқынды жұмыс жүруде. Сенесіз бе, басқа облыспен біздің қаланың көшелерін салыстырсаңыз, біздікі сапалы әрі түзу көшелер екендігі көңіл қуантады. Сырттан келген адамдардың өздері Қызылорданың көшесін мақтап жатады. Ол рас! Нәтиже бар, – дейді қала тұрғыны Ахмет.

Шаһардың байырғы тұрғыны, зейнеткер Әубәкір Сүлейменов те өз ойын жеткізді.

– Қазір қалада жылдан-жылға жұмыс қарқынды жүруде. БАҚ арқылы бағдарлап отырмыз. Зейнет жасында болған соң үйде отырып, газет оқуға уақыт та бар. Газет арқылы атқарылған жұмыс барысын біліп отырмыз. Жол жөнделіп жатыр. Сапалы көшелеріміз көп. Негізі көшенің әдемілігі де қалаға көрік береді, – дейді Әубәкір аға.

Мамандардың айтуынша, жөндеу жұмысы толығымен күзде аяқталады деп жоспарлануда. Ал тұрғындар тілегі – сапалы әрі түзу көшенің бойымен жүру.

Бетті дайындаған
Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ҚАШАН АШЫЛАДЫ?

АЛАҢ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Қалада абаттандыру және көркейту шараларына ерекше мән беріліп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылуда. Осы орайда қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай орталық алаңның абаттандырылуы жайлы кеңінен айтты.

– Бүгінде аймақ басшысының қолдауымен орталық алаңды абаттандыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл жұмыс былтыр күз айларында басталған болатын. Айта кетуіміз керек, күрделі жөндеу жұмысын меценат Асқар Әубәкіровтың демеушілігімен абаттандыру жұмыстары қолға алынды. Замануи дизайнмен әрленген орталық алаңның құрылысы жаздың алғашқы айында аяқталады деп күтілуде, – дейді қала әкімінің орынбасары.

Орталық алаң жұмысының неге ұзаққа созылғанының да себебі бар. Өйткені қыс айларында абаттандыру, алаңға кеспе тас төсеу жұмысы жүргізілмейді. Сонымен қатар көпшілікке көзайым боларлық жобаны бұл салада мол тәжірибесі бар «Техоснастка-ремсервис» ЖШС жүзеге асырады.

Заманауи кейіпте жаңғыртылатын алаң жанға жайлы, көңілге қонымды болмақ. Мұнда көпшіліктің алаңсыз демалуына толыққанды жағдай жасалады. Кеспе тас төселіп, жолжиек тастары қойылады. Бұл балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етпек. Жарық диодты шамдар мен газондар, көпжылдық жасыл көшеттер көз тояттайтын көрікті орынға айналады. Жаңа үлгідегі орындықтар, жарық бағаналары шаһар келбетіне шырай бермек.

Қала әкімінің айтуынша, қалада жасыл-желекке айналған демалыс орны аз. Сол себепті осы орталық алаңдағы басты мақсаттың бірі – жасыл-желекті ортаға айналдыру. Яғни осы кезде түрлі ағаштар, газондар егіліп жатыр. Аяқсу да қолға алынды. Сонымен қатар алаң ортасында субұрқақ болады, ал оның айналасында мрамордан жасалған кеспе тастар төселеді.

ТҰРҒЫНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Мұндай жаңалыққа қала тұрғыны, зейнеткер Айым Алтынбекова өз ризашылығын білдірді.

– Қаламыз жылдан-жылға көркейіп келеді. Ал көрікті орта – кім-кімнің де мақтанышы. Орталық алаң қазір жабық болғанымен, алдағы уақытта жұмысы аяқталып, керемет демалыс алаңға айналады деп сырттай қарап, мәз болып жүрміз. Өйткені осындай жақсы жерлерге немерелерімізді әкеліп, демалып отырғызымыз келеді. Бұйыртса, ол күнге де жетеміз. Халықтың қалауына орай осындай істерді атқарып жатқан азаматтарға алғыс айтамын, – дейді Айым апа.

Орталық алаңдағы абаттандыру жұмысының аяқталуын асыға күтіп жүрген студент Майра Ибрагимқызы да өз ойын жеткізді.

– Өткенде Астанадан құрбым келіп, орталық алаңды көргісі келген. Бірақ «жазда кел, апарамын» деп шығарып салған едім. Шыны керек, сырттан келген меймандар біздің қаладағы оң өзгерістерді көріп, бағасын беруде. Әрине, бұл бізді қуантады. Сол себептен орталық алаңның ашылуын асыға күтіп жүрмін, – дейді Майра.

Жаңа кейіпке енетін орталық алаңның ашылуын көпшілік күтіп жүр.

Басы 1-бетте

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2902 Тапсырыс №619

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ